

Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XVI сессиясының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 108 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2024 жылғы 18 сәуірде № 1771-02 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М. Отыншиев

Алматы қаласы мәслихатының
2024 жылғы 15 сәуірдегі № 108
шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалар туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 491 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 914 болып тіркелген).

2. "IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXXX сессиясының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 491 "2012 жылға арналған Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалар туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 77 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 962 болып тіркелген).

3. "Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 262 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1090 болып тіркелген).

4. "V-сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXI сессиясының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 262 "Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 17 наурыздағы № 315 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1154 болып тіркелген).

5. "IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXXX сессиясының "Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" 2011 жылғы

7 желтоқсандағы № 491 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 418 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1272 болып тіркелген).

6. "Алматы қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 146 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1405 болып тіркелген).

7. "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 185 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1442 болып тіркелген).

8. "IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXX сессиясының "Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалар туралы" 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 491 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 21 қарашадағы № 288 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1518 болып тіркелген).